

**«8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Асыл Мөлдір Бақытжанқызының «ҚХР-ның модернизациясы жағдайында «сюокан» қоғамын құру үдерісі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|----------|--|--|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>М.Б.Асылдың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға, атап айтатын болсақ, «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация жұмысы Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сай орындалды.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған. | Қытай Халық Республикасында «сюокан» қоғамын құру үдерісін зерттеу, бірінші кезекте, қазақстандық шығыстану ғылымының, оның ішінде қытайтану саласының дамуына елеулі үлес қосады, себебі аталмыш диссертация отандық ғылымда мемлекеттік тілде жазылған бірінші жұмыс болып табылады. Екіншіден, Қытайда жүзеге асырылып келе жатқан реформалардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұстарын зерттеу ҚХР-да жүргізіліп отырған ішкі саясатты тереңінен түсінуге септігін тигізеді. Тақырыптың маңыздылығы жақсы ашылған және автор бұл зерттеуді жүргізудің өзектілігін айқындалап көрсеткен. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген түйіндер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен маңызды болып табылады. |
| 3. | Өзі жазу | Өзі жазу деңгейі: | Ізденушінің диссертациялық зерттеу аясындағы өзіндік жазу |

| | | | |
|----|----------------------|---|---|
| | принципі | 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | денгейі жоғары. Зерттеу жұмысы онда қойылған зерттеу мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар, аяқталған жұмыс болып табылады. Барлық ақпараттар дербес және түсінікті, мағыналық құрылымы сақталған. Тақырыпқа сай ғылыми еңбектер, бағдарламалық құжаттар мен түрлі дереккөздерді сараптау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар атальыш зерттеудің маңыздылығын арттыруды. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | M.Б. Асыл диссертацияның өзектілігін толықтай негізделген. Автордың аргументтері диссертациялық тақырыпты зерттеудің жоғары маңыздылығын көрсетеді. Біріншіден, зерттеу тақырыбы Қытайдың ішкі саясатымен және әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты болғандықтан ғалымдардың үлкен қызығушылығын туғызуда. Екіншіден, 2021 жылы Қытайдың «сяокан» қоғамы құрылғандығын жариялауы бұл үдерісті тарихи ретроспективада зерттеудің және нәтижелерін сараптаудың маңыздылығын арттыруды. Ушіншіден, атальыш зерттеу тақырыбы отандық ғылымда әлі толыққанды зерттелмеген тың тақырып. Осы себептен диссертация уақытылы және өзекті болып табылады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды | Ізденушінің диссертациясының мазмұны тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде автор зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын және диссертациялық зерттеудің міндеттерін, зерттеу пәнін, теориялық және әдіснамалық базасын ашып көрсеткен. Бірінші бөлімде зерттеу тақырыбының теориялық ерекшеліктерінің мәнін ашады, «сяокан» ұғымының тарихи эволюциясын көрсетеді. Екінші бөлімде «сяокан қоғамын» құрудың ерекшеліктеріне тоқталып, кедейлікпен күрес саясатына шолу жасайды және «сяокан қоғамын» құрудағы билеуші партияның рөлін ашып көрсетеді. Ушінші бөлімде Қытайда «сяокан қоғамы» құрылуының нәтижелеріне талдау жасалып, қытайлық тәжірибеден Қазақстан Республикасы үшін белгілі бір сабактар алуға теориялық |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | | <p>ұсыныстар тұжырымдалған. Қорытындыда автор диссертациялық зерттеу нәтижелерін жүйелеген.</p> | |
| | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу нәтижесінде мақсатқа жету үшін қойылған және шешілген міндеттер логикалық қалыптастырылған.</p> | |
| | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары толық өзара байланысты. Ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабактастықта берілген. Дегенмен, жұмыста бірқатар қайталауларға жол берілген.</p> | |
| | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Диссидентант ұсынған жаңа тұжырымдар дәлелді, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сынни талдау жасалған. Ізденуші жеткілікті деңгейде модернизация мен қытайлық ерекшелігі бар социализм теорияларын қарастырған. Жан-жақты талдау жүргізу арқылы «сюокан» қоғамын құру үдерісінің артықшылықтары мен кемшиліктерін көрсеткен.</p> | |
| 5. | <p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа болып табылады. Отандық тәжірибеде алғаш рет қытай, орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі кең көлемді деректер мен ғылыми әдебиеттерді қолдану негізінде Қытайдың модернизациясы жағдайында «сюокан» қоғамын құру үдерісіне кешенді және жан-жақты талдау жасалды.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Диссертацияның тұжырымдары зерттеу нәтижелерін жан-жақты талдауға негізделген. Сонымен қатар, диссертацияда тұжырымдалған тұжырымдар, қорытындылары тек өзінің зерттеу нәтижелеріне қатысты және толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияның соңғы тараушасы Қытайдың «сюокан қоғамы» үлгісін Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастыруға арналғандықтан, қорытындыда көрсетілген теориялық ұсыныстардан бөлек, нақты тәжірибелік ұсыныстарды көрсету</p> |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | | | зерттеудің маңыздылығын арттыра түсер еді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында жүргізілген зерттеу болғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне байланысты үл жерде жұмысты бағалаудың осы критерийі қолданылмайды. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда салмақты дәлелдемелерде негізделген және заманауи шетелдік және отандық зерттеулерге, сатистикалық мәліметтерге, мемлекеттік тұлғалардың ресми мәлімдемелеріне сілтеме беру арқылы нақтылығы расталған. Зерттеудің іргелі базасын құрайтын деректердің кең ауқымы қолданылған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ | 1 қағидат: «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы өзінде өркениеттік бірегейлікті сақтаған және қытайлық ұлттық мұдделерге негізделген модернизацияны жүзеге асырудың аймақтық моделі болып табылады және Қытайдың әлеуметтік-экономикалық даму бойынша стратегиясының маңызды құраушы бөлшегі. Бұл қағидат модернизацияның қытайлық ұлгісін және қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру теориясын сараптау негізінде дәлелденді. Тривиалды емес. Алынған нәтиже басқа да зерттеулерде қарастырылғандықтан жартылай жаңа болып табылады. Қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген - «Xiaokang – the Chinese Model of Development» // ҚарМУ Хабаршысы: тарих, философия сериясы – 2022. - №2 (106). - 36-42 б. 2 қағидат: «Сяокан» тұжырымдамасы тарихи тұрғыдан «сяокан отбасы», «сяокан қоғамы» және «жан-жақты сяокан қоғамы» эволюциясынан өтіп, Қытайдың модернизациялану дәрежесіне сәйкес интерпретацияланды. Мемлекеттің шынайы саяси мақсаттарымен тығыз байланыстырылған тұжырымдама Қытайда орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге тікелей әсер етті. Бұл қағидат «сяокан» ұғымының тарихи ретроспективадағы эволюциясын қарастыру және заманауи мәнін анықтау негізінде дәлелденді. Тривиалды емес. Жаңа болып табылады және қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген – «Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы «сяокан қоғамы» |

тұжырымдамасының рөлі» // «Қазақстан-Қытай: екі ел ынтымақтастығының қазіргі жағдайы мен болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік ғылыми конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы. – 2022. - 78-82 б.

3 қағидат: «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасында модернизация бірінші кезекте экономикалық өсім тұрғысынан түсініліп, алдыңғы орынға экономикалық өсімнің сандық көрсеткіштері қойылды. «Сяокан қоғамы» теориясын дамыта және жүзеге асыра отырып, тұжырымдаманың мазмұны кеңейе түсті және сандық даму сапалық дамуға ауысып, рухани даму, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы, адамның өз ішіндегі үйлесімділік алдыңғы қатарға шығарыла бастады.

Бұл қағидат «сяокан қоғамы» индекстерінің жүйесін сараптау негізінде және ҚКП басшыларының «сяокан қоғамын» құру барысында ұсынған жаңа тұжырымдамаларын қарастыру негізінде дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа болып табылады және қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген – «Historical significance and current state of the "xiaokang society" creation in the People's Republic of China» // ҚазҰУ Хабаршысы: шығыстану сериясы - 2021. - №3 (98). - 112-119 б.

4 қағидат: ҚКП билігінің легитимділігі әлеуметтік-экономикалық дамуға тікелей байланысты болғандықтан, «сяокан қоғамын» құру идеясы дамудың әлеуметтік аспектілеріне екпін қоюдан бөлек, билікті партиялық элита қолында сақтап қалуға да бағытталған. Астарында саяси мотив жатқан «сяокан қоғамын» құру үдерісі барысында ҚКП партия-мемлекет ретінде жүйе қалыптастыруши рөл атқарып, оның қызметі құрделене түсті және тиімділігі артты. Бұл қағидат ҚКП саясатының шеңберінде әлеуметтік даму мен саяси легитимділік арасындағы байланысты қарастыру арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Алынған нәтиже жартылай жаңа болып табылады, себебі ҚКП легитимділігі мәселесі басқа авторлар зерттеулерінде де қарастырылған. Қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген – «От Общества "Сяокан" К Обществу "Всеобщей Зажиточности": Развитие Политики Китайской Народной Республики По Искоренению Бедности» // Oriental Studies, Publisher: Kalmyk Scientific Centre of Russian Academy of Sciences, Q1, SJR 0,23. –2022. –Volume 15, Issue 4. - 636–648 p. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-61-4-636-648.

5 қағидат: Кедейлікті жою – «сяокан қоғамын» құру үдерісінің маңызыды құраушы бөлігі болып табылады. Кедейлікпен күрестің қытайлық тәсілі екі негізде жүргізілді: табыстардың деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық реформалар мен үкімет, нарық және қоғам арасындағы тығыз байланыс негізінде қалыптасқан институционалды модель. Кедейлікті жою ісінде КХР үлкен жетістіктерге жеткенімен, кедейліктің ауылдық аймақтардағы абсолютті түрін ғана жойды. Салыстырмалы кедейлік әлеуметтік саланың өзекті мәселесі болып қала беруде.

Бұл қағидат «сяокан қоғамын» құру барысында кедейлікті жою саясатының даму барысын, негізгі нәтижелерін талдау мен статистикалық мәліметтерді сараптау негізінде дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа болып табылады және қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген – «Сяокан қоғамын құру барысындағы кедейлікпен күрес: қытайлық тәжірибе» // ҚазҰПУ Хабаршысы: тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы – 2022. - №2 (73). - 111-122 б.

6 қағидат: «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің нәтижелерін талдау мақсаттық көрсеткіштердің сандық параметрлері орындалғанымен, сапалық параметрлері толыққанды орындалмағандығын көрсетті. Экономикалық даму, кедейлікпен күрес саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілгенімен, теңгерімді даму, табыстар айырмашылығы, экология мәселелері тиісті шешімін таппады. «Сяокан қоғамы» бұл – статикалық тұжырымдама емес, керісінше дамудың үздіксіз үдерісін білдіретін тарихи өтпелі сипаттағы тұжырымдама. «Сяокан қоғамы» құрылышы болған соң да Қытай реформалар мен дамуды ары қарай жалғастыра бермек.

Бұл қағидат «сяокан қоғамын» құрудың негізгі нәтижелерін SWOT-талдау және статистикалық мәліметтерді сараптау негізінде дәлелденді. Тривиалды емес. Жаңа болып табылады және қолдану деңгейі кең. Келесі мақалада дәлелденген – «От Общества "Сяокан" К Обществу "Всеобщей Зажиточности": Развитие Политики Китайской Народной Республики По Искоренению Бедности» // Oriental Studies, Publisher: Kalmyk Scientific Centre of Russian Academy of Sciences, Q1, SJR 0,23. – 2022. –Volume 15, Issue 4. - 636–648 р. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-61-4-636-648.

7 қағидат: Қытайдың «сяокан қоғамын» құру үдерісінің

| | | | |
|----|---|--|---|
| | | | <p>Қазақстан үшін ұлгі болар тәжірибесін саралау бұл елдің дамуы тарихи, мәдени-өркениеттік факторлар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың селбесуіне негізделгендігін көрсетті. «Сяокан қоғамын» құруды сәтті жүзеге асырудың басты факторларының бірі – қытайлық қоғамның бірлігі, халық пен үкімет арасындағы мемлекеттік дамудың түпкі мақсаттары туралы ортақ түсініктің болуы. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстан дамудың стратегиясын құрастыруда ұлттық мәдениеттің философиялық негіздерін, ерекшеліктерін және қоғамның қажеттіліктерін жан-жақты қарастырып, есепке алса, реформалардың негізгі бағыты мен ақтық мақсаты бойынша қоғамдық консенсустың мықты іргетасын қалыптастырмак. Қазақ мәдени бастауларды заманауи мазмұнмен толықтырып, кеңінен насхаттау тұрақты қоғамдық дамудың кепілдігі болары анық.</p> <p>Бұл қағидат Қытай мен Қазақстанның реформаларды жүргізу саясаттарын салыстыру және Қытайлық тәжірибелің онды тұстарын саралау негізінде дәлелденді. Тривиалды емес. Жаңа болып табылады және қолдану деңгейі кең. Ғылыми-тәжірибелік конференцияда апробацияланды.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ија</u> ; 2) жоқ | <p>Зерттеу әдістемесінің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстың сәйкесінше бөлімінде сипатталған. Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістері заманауи және ғылымда кең қолданыстағы әдістер болып табылады.</p> <p>Зерттеудің эмпирикалық әдістерінің бірі – сауалнаманы пайдаланып, КХР азаматтарының «сяокан қоғамын» құру бойынша көзқарастарын талдау зерттеуді құнарлатар еді деп санаймын.</p> |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ија</u> ; 2) жоқ | <p>Диссертациялық жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы талдау, жүйелеу, топтау, концептуалдық тәсілдері пайдаланылды.</p> |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша | Жоқ, зерттеу барысында эксперимент жүргізілмеді. |

| | | | |
|-----|-------------------------------|--|--|
| | | <p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u></p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p> | |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 164 әдебиет өнделген, яғни шолуға жеткілікті болып табылады. Алынған ақпарат зерттеуді жоспарлау барысында және алынған нәтижелерді талқылау барысында қолданылды.</p> <p>Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Диссертацияда «сяокан қоғамын» құруды зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар Қытай модернизациясын, әлеуметтік-экономикалық реформаларын зерттеу ісіне өзіндік үлесін қоса алады және диссертация материалдары Қытайдың ішкі саясатын болашақ зерттеулерге пайдалы.</p> <p>Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қытайдың модернизациялық тәжірибесі мемлекеттік құрылымдар үшін теориялық және практикалық құрал ретінде пайдалануға келеді. Сондай-ақ, жоғары оку орындарындағы шығыстану саласы бойынша дәрістерде, арнайы курстар мен оку құралдарын дайындауда пайдалануға болады.</p> <p>Диссиденттың практикалық ұсыныстарының жаңалық дәрежесі жартылай жаңа, сенімді және ғылыми негізделген болып табылады. Ізденушінің диссертациялық зерттеуінде тарихи, экономикалық, әлеуметтік материалдардың айтарлықтай кең көлеміне, сондай-ақ қытай, орыс және ағылшын тілдеріндегі ресми құжаттар, статистикалық көрсеткіштер мен БАҚ жарияланымдарына сүйегендігін байқауға болады. Диссертацияда көтерілген мәселелер ары қарайғы зерттеуді қажет ететін жаңа проблемаларды айқындалап, бұл саладағы зерттеудің практикалық маңыздылығын арттыруда.</p> |
| 10. | Жазу және | Академиялық жазу сапасы: | Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерін толық сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан. |
|-----|---------------------------|--|---|

Қорытынды: әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға ізденуші Асыл Мөлдір Бақытжанқызының «ҚХР-ның модернизациясы жағдайында «сяокан» қоғамын құру үдерісі» тақырыбына диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және «Дәрежелерді беру қағидаларына» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың авторы «8D02209 - Шығыстану» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ресми рецензент:

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразиялық ұлттық
университеті,
Шығыстану кафедрасының
мендерушісі,
философия докторы (PhD)



(көлік)

Г.У.Бirimкулова

